

A black Canon EOS 100D camera with an EF-S 18-55mm lens. The camera is shown from a three-quarter front view, highlighting the lens, the Canon logo on the top, and the EOS 100D branding on the side. The lens has 'CANON ZOOM LENS EF-S 18-55mm 1:5-5.6 IS STM' printed on it. The camera body has 'Canon' on the top and 'EOS 100D' on the side. A 'STABILIZER ON/OFF' switch is visible on the lens barrel.

БИЗНЕС-ЖОСПАР :

ФОТОСТУДИЯ АШУ

Орындаған: Токанов Б
Тобы: ОП-413

Резюме

Жоба Қазақстан Республикасының ШҚО Ұржар ауданында фотостудиясын ашуды қарастырады.

Фотостудияда көрсетілетін қызмет түрлері портфолио үшін фото, имидждік жарнама, қойылымдық түсірілім, архитектуралық түсірілім және т.б.

Жоспарланған фотостудия нысаны Ұржар ауданының Қ.



Жобаны қаржыландыру:

Қаржыландыру көзі	Сомасы	Кезеңі	Үлесі
Инвестициялар	400000	15.11.2018	72%
Айналым капиталы	150000	15.11.2018	28%
Барлығы	450000	-----	100%

Жобаның Ұржар ауданына экономикалық әсері:


- Ұржар ауданында жаңа жұмыс орнын ашу;
- Адамдарды жұмыспен қамту;
- Аудан бюджетіне қосымша кіріс кіру;
- Ауданды көркейту;



Кіріспе бөлім

Кәсіби фото-қызмет бизнесі нарықта кең етек жайған. Жыл сайын мұндай қызмет түрін көрсететін фотостудиялар көптеп ашылып жатқанмен олардың саны тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру үшін әлі болса жеткіліксіз. Көп жағдайда бұл қызмет түрін жеке фотографтар жүзеге асырады, олар үйлену тойлары мен басқа да мерекелік шараларда жұмыс істейді, ал мамандандырылған арнайы студиялардың саны онша көп емес.

Неден бастау керек? Фотостудия ашу үшін сізге тіркелу керек. Салық қызметінде тіркелу үлгісі – жеңілдетінлген режим бойынша жеке кәсіпкер. Сонымен қатар, кассалық аппарат алу қажет, аппаратты қызметті жүзеге асыру орны бойынша салық органдарында тіркеу керек.



Фотостудияның негізгі міндеттері мен түрлері:

Фотоқызмет көрсету бизнесі – бұл кәсіби фотопортреттер, паспортқа арналған суреттер, маңызды шаралардың түсірілімдері, портфолио үшін фото жасау, жарнамалық өнімдердің түр-түрі (буклеттер, каталогтар). Тағы бір пайда табудың көзі – фотоларды, күнтізбелер мен ашық хаттарды шығару қызметі. Қызметтің жаңа түріне тоқталар болсақ – коллаж және фотомонтаж (көркемсурет пен фотоны біріктіру), олар классикалық мәнерде, сонымен қатар, ретро-фото, фэнтези, мин-ап стилдерінде жасалады. Жұмыс күні барысында портфолиоға арналған суреттер мен каталогтар бойынша тапсырыстарды орындап, ал кешке және демалыс күндері – жұмыс орны мен құрал – жабдықтарды фрилансерлерге жалға беруіңізге болады.

Маркетингтік жоспар

- Фотожарнамалық қызметтер үлкен табыс әкеледі. Жұмыс күні барысында портфолиоға арналған суреттер мен каталогтар бойынша тапсырыстарды орындап, ал кешке және демалыс күндері – жұмыс орны мен құрал – жабдықтарды фрилансерлерге жалға беруіңізге болады.
- **Өнімді өткізу.** Фотостудия үшін жарнаманың алатын орны ерекше. Ол үшін өзіңіздің жеке сайтыңызды ашып, онда жұмыс үлгілері мен қызмет түрлерін, бағаларды, координаттарыңызды енгізіп қоюыңызға болады. Фотостудиялардың имиджі үшін кәсіби көрмелерге қатысу не оларды өзінде ұйымдастыру үлкен көмегін тигізеді. Визиткалар мен буклеттерді кәсіби құрал-жабдықтар сататын сауда орталықтарына таратуға беріп қойсаңыз болады.
- Клиентерді тарту үшін плакаттарды, үйлену тойларындағы фото-сессиялар туралы хабарландыруларды АХАЖ, үйлену салондары, зергерлік бұйымдар сататын дүкендерге іліп қоюға болады. Ал мектептер мен балабақшаларға «өз балаңыздың мынадай портретінің болғанын қалайсыз ба?» деген жазуы бар жануардың қасында тұрған немесе теңіз қарақшысының киімін киген (мекеме басшысының келісімімен) әдемі баланың суретін орналастырып, студия буклеттерін таратуға да болады.

Сыртқы орта	Мүмкіндіктер	Өндірістің көлемін ұлғайту
	Қатерлер	Өндірістің дағдарысқа ұшырауы
Ішкі орта	Артықшылықтар	Заманға сай құрал-жабдықтар пайдалану
	Кемшіліктер	Қаражаттың жетіспеушілігі

Ғимарат. Эдетте фотостудияға арнайы бір орын-жайды жалға алады. Ол орынды клиенттерге ыңғайлы жерден, қала орталығынан таңдаған дұрыс. Ал егер негізгі жұмыс – тез жасалатын фото, паспортқа арналған фото болса, фотостудияны шағын ауданнан да ашуға болады.



Құрал-жабдықтар

Фотостудия үшін сізге керекті: фотоаппарат, жарықтар мен оларға қажетті аксессуарлар – софтбокстар, тіреулер, шағылдырғыштар, фондар, компьютер, принтер және басқа да қосымша жабдықтар.



Қызметкерлер. Алдымен бір фотограф пен әкімші жұмыс істейтін кішігірім студия ашуға болады, ал болашақта сіз өзіңіздің бизнесіңізді кеңейтемін десеңіз, тағы бірнеше кәсіби фотограф, стилист пен дизайнер жалдауға болады.



Болжамды есептеулер

Шығыстар:

- орын-жайды жалға алу – 30 000 теңге.
 - жабдықтар – 300 000 теңге
 - тіркеу, кассалық аппарат – 20 000 теңге.
 - кеңсе тауарлары – 10 000 теңге.
- Барлығы: 360 000 – 400 000 теңге.

Табыс:

Айына фотостудияның табысы 450 000-600 000 теңгені құрай алады, фотостудия өзін-өзі 1 жыл көлемінде ақтайды.



Жалпы және әкімшілік шығыстар

Жобада құны айына 30 мың теңге тұратын орын-жайды жалдау көзделген. Осы бағаға электр энергиясы мен телефон байланысын қоспағанда барлық коммуналдық төлемдер қосылған.

кесте - Кәсіпорынның бір айдағы жалпы және әкімшілік шығыстары Орын-жайды Ұржар ауданының жалдау базарларындағы орташа жалдау ставкасы ескеріле отырып есептелді және 1 шаршы метріне 500 теңге деңгейінде қабылданды. Электр энергиясының шығыстары жабдық қуатының 0,5 кВт, жабдықтың бір күндегі орташа жұмыс уақыты 6-7 сағат, жарық шығыстары, 22 жұмыс күні мен электр құнының 1 кВт - 11,02 тг екені ескеріле келе есептелді

<i>Шығындар</i>		2018	2018-2020
ЕТҚ		350	350
Өндірістік орын-жайды жалдау	70 м2	70	70
Электр энергиясы		5	5
Шығыс шығыстары		6	6
Байланыс қызметтері		1,5	1,5
НБ қызмет көрсету және жөндеу		5	5
Банк қызметтері		1,5	2
Жарнама шығыстары		4	4
Өзге де көлденең шығыстар		3	3
<i>Барлығы</i>		446	446

- Еңбекақы төлеу шығыстарының есебі, мың тг

№	Лауазымы	Саны	Жалақы	Есептеуге	Еңбекақы төлеу қоры
	<i>Әкімшілік-басқару құрамы</i>				
1	Директор	1	40	40	40
2	Организатор	1	30	30	30
	Жиыны	2	70	70	70
	<i>Өндірістік құрам</i>				
1	Фотограф	3	30	90	90
2	Дизайнер	1	25	25	25
3	Стилист	1	20	20	20
	Жиыны	4	75	135	210
	<i>Қосалқы құрам</i>				
1	Еден жуушы	1	15	15	15
	Жиыны	1	15	15	15
	Құрам бойынша барлығы	7	295	295	295

Қаржыландыру қажеттілігі

	446
	400
Айналым капиталы	450
Барлығы	450

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА



РАХМЕТ!